

Шексері
«Жолшы» бөбекжай- бақшасы» МКҚК
әдіскері: Жоламанова С. Б.



Тақырыбы: «Бала шақтан-болашаққа»

Балабақшамен қоштасу ертеңгілігі
«Күншуақ» ересек топ

Тәрбиешілер: Улыкпанова Б.
Утеуова М .

«Парижге қызықты саяхат жасап, біз мектепке аяқ басамыз»

«Бала шақтан-болашаққа»

ЗАЛДЫ БЕЗЕНДІРУ

- Эйфель мұнарасы
- Париж кафесі
- Чемодандар, ұшақ
- Лавкі, үстелдер
- Круассан дүкені
- Әр мамандық иесіне арналған бұрыштар:
 - IT — ноутбук, планшет
 - Дәрігер — дәрі қобдишасы
 - Полиция — таяқша, ысқырық
 - Ғарышкер — зымыран
 - Ғалым — тәжірибе ыдыстары
 - Мұғалім — кітап, тақта
 - Спортшы — доп, медаль
 - Суретші — қылқалам
 - Инженер — құралдар
 - Дизайнер — мата, көйлек
 - Ұшқыш — ұшақ
 - Заңгер — кітап
 - Бизнесмен — ақша макеті, портфель

КІРІСПЕ

I –жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар, аяулы бүлдіршіндер!

Бүгін — ерекше күн. Бүгін біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз балабақшамен қоштасып, үлкен өмірдің алғашқы баспалдағы — мектепке қадам басқалы отыр.

Балалықтың бал дәурені өткен сүйікті балабақшамен қоштасу — әр бала үшін де, әр ата-ана мен тәрбиеші үшін де толқынысқа толы сәт.

Бүгінгі кешіміздің тақырыбы — «**Бала шақтан-болашаққа**», яғни «Парижге қызықты саяхат жасап, біз мектепке аяқ басамыз!»

II –жүргізуші:

Париж — арман мен әсемдіктің, қиял мен шабыттың қаласы.

Біздің бүлдіршіндер де дәл бүгін сол армандар қаласына саяхат жасағандай, балалық шақтың әдемі естеліктерін жүректеріне сақтап, білім әлеміне жол тартқалы отыр.

Осы уақыт ішінде бүлдіршіндеріміз әріп танып, достықты үйреніп, өнер мен білімге қадам басты.

Олардың әр жетістігіне қуанып, әр қадамын сүйемелдеген ата-аналар мен тәрбиешілерге шексіз алғыс айтамыз.

Ендеше, көтеріңкі көңіл-күймен, әсем ән мен бимен өрілген мерекелік кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

I –жүргізуші:

Қош келдіңіздер!

Ал, енді қымбатты қонақтар, Париж көшелерін елестетіп көрейікші...

Жеңіл самал жел, әсем әуен, түрлі-түсті қолшатырлар...

Бүгін біздің кішкентай аруларымыз сол бір ертегі әлемін сіздердің алдарыңызға алып келеді.

Нәзіктік пен сұлулыққа толы бұл би — балалық шақтың әдемі сәттерін бейнелейді.

Қарсы алыңыздар —бүлдіршін қыздарымыздың

«Қолшатырлар биі»!

1.Шерхан

2.Аяла Е

3.Іңкәр

4.Саида

5.Айару

6.Әмина

7.АялаБ

I –жүргізуші:

Құрметті жолаушылар мен қадірлі қонақтар!

Назар аударыңыздар!

Ақтөбе — Париж бағытындағы «Жолшы» әуе рейсі межелі жерге сәтті келіп қонды.

Бүгін біздің кішкентай саяхатшыларымыз

арман қала — Парижге ерекше көңіл-күймен жетіп отыр.

Қолдарында — чемодан,

жүректерінде — арман,

көздерінде — бақыт пен шаттық!

Қарсы алыңыздар —

«Жолшы» балабақшасының

өнерлі де талантты бүлдіршіндерін!

Олар сіздерге көңілді би мен көтеріңкі көңіл сыйлауға дайын!

II –жүргізуші

Құрметті қонақтар!

Біздің кішкентай саяхатшыларымыз Парижге аттануға дайын!

Әр чемоданның ішінде — балалық арман, тәтті қиял, көтеріңкі көңіл-күй мен әдемі естеліктер бар.

Бүгін бүлдіршіндеріміз көңілді би арқылы сіздерді қызықты саяхат әлеміне шақырады.

Олар болашаққа нық қадам басып, мектепке де дәл осындай қуанышпен аттанбақ.

Ендеше, ыстық ықыласпен қарсы алыңыздар —

«Парижге саяхат» биін!

1. Медина

2. Айша

3. Хадиша

4. Сымбат

5. Аяулым

6. Сезім

(Француз музыкасы ойнайды. Үш қыз сәнді киіммен залға кіреді.)

1-қыз Аяла Е

Мәссаған! Парижге де келіп жеттік!

Қандай керемет!

Адамдары да өте сыпайы екен!

2-қыз Әмина

Иә, расымен де!

Париж өте әдемі қала екен!

Қараңдаршы, айналаның бәрі неткен әсем!

3-қыз: Саида

Қыздар, біз Парижге тек қыдыруға келген жоқпыз ғой.

Біз болашақ мамандығымызды таңдауға келдік!

1-қыз:

Иә! Мүмкін біз осы жерден өзімізге ұнайтын мамандық табармыз!

2-қыз:

Қыздар қараңдаршы, көшеде музыканттар өлең айтып жатқан сияқты. Барып, қарап көрейікші!

Би-ән: Ата-аналар (Дос-Мұқасан тобы ретінде)

1-қыз:

Өнерлері керемет, бір сергіп қалдым ғой!

3-қыз:

Ал алдымен Париждің атақты круассандарын жеп көрейік!

1-БӨЛІМ — «ПАРИЖ КАФЕСІ»

(Қыздар дүкенге келеді.)

Дүкенші:

Bonjour! Қош келдіңіздер!

2-қыз:

Сәлеметсіз бе!

Бізге ең дәмді круассандарыңыздан беріңізші!

Дүкенші:

Әрине! Париждің ең тәтті круассандары дайын!

1-қыз:

Ал ыстық шоколад бар ма?

Дүкенші:

Бар, әрине!

3-қыз:

Онда үш круассан, үш шоколад беріңізші!

(Дүкенші береді.)

Дүкенші:

Ас болсын!

Үш қыз:

Рақмет!

(Қыздар әдемі лавкіге барып отырады.)

2-қыз:

Ммм... қандай дәмді!

1-қыз:

Париж ерекше қала екен!

3-қыз:

Қыздар, қараңдаршы!

Мұнда түрлі мамандық иелері жүр!

1-қыз:

Қане, олармен танысайық!

1-Айша (IT маманы):

Планшетті меңгердім,
Код жазуды үйрендім.
Болашақтың IT-і,
Боламын деп бел будым.

2-Аяла Е (Дәрігер):

Ақ халатым үстімде,
Емдеймін мен бәрін де.
Дәрігер боп өсемін,
Шипа беріп еліме.

3-Аяла Б (Полиция):

Тәртіп сақтап көшеде,
Елді қорғап жүремін.
Батыл болып өсетін,
Полиция мен болам!

✧ 1-ОЙЫН

«Мамандықты тап!» эстафеталық ойыны

Мақсаты: Балалардың мамандықтарды ажырата білуі, шапшаңдық пен ұйымшылдықты дамыту.

Қажетті заттар:

* Мамандықтарға байланысты құралдар немесе суреттер:

- * дәрігер — фонендоскоп
- * аспаз — қасық
- * құрылысшы — каска
- * мұғалім — кітап
- * суретші — қылқалам
- * әнші — микрофон
- * спортшы — доп т.б.

Ойын барысы

Балалар 2 топқа бөлінеді. Залдың екінші шетінде мамандық заттары араластырып қойылады.

Жүргізуші: «Қазір мен мамандық айтамын, сендер сол мамандыққа керек затты тауып әкелулерің керек!»

Мысалы:

- * «Дәрігер!» → бала жүгіріп фонендоскоп әкеледі
- * «Аспаз!» → қасық
- * «Суретші!» → бояу немесе қылқалам

Қай топ тез әрі дұрыс орындаса — сол топ жеңеді.

4-Шерхан (Ғарышкер):

Зымыранмен ұшамын,
Айды барып құшамын.
Ғарышкер боп әлемді,
Бір-ақ сәтте шоламын.

5-Аяулым (Ғалым):

Түрлі зерттеу жасаймын,
Жаңалықты ашамын.
Ақылды боп өсемін,
Білім нұрын шашамын.

6-Іңкәр (Мұғалім):

Әріптерді үйретіп,
Білім нұрын жағамын.
Мұғалім боп мектепте,
Шәкірт жолын ашамын.

✧ 1-ән «Бал балалық» Жеке орындауда Самғатқызы Саида

7-Әмина (Спортшы):

Олимпиада шыңына,
Туды биік ілемін.
Спортшы болып қазақтың,
Абыройын білемін.

8-Айару (Суретші):

Қылқаламды қолыма ап,
Әлем түсін саламын.
Суретші боп тамаша,
Көпті таңға қалдырам.

9-Сымбат (Инженер):

Жаңа заман құрамын,
Техниканы ұғамын.
Инженер боп елімнің,
Болашағын құрамын.

✿ 1-ХОР _____ Клең бестік аламыз

10-Медина (Дизайнер):

Әдемі киім тігемін,
Сәнді заман кешемін.
Дизайнер боп ел үшін,
Сұлулықты білемін.

11-Саида (Ұшқыш):

Көк аспанда самғаймын,
Темір құсты баптаймын.
Ұшқыш болып алысқа,
Жолаушыны жеткізем.

12-Хадиша (Заңгер):

Әділдікті жақтаймын,
Заңды қатаң сақтаймын.
Құқығын қорғап адамның,
Сенімін елдің ақтаймын.

13-Сезім (Бизнесмен):

Мектеп бізге күш берер,
Білім алсақ іс өнер.
Бизнесмен боп болашақ,
Еңбегімді жұрт көрер.

✿ 2-ән Хор: Тәрбиеші апайға _____

3-БӨЛІМ — «ӨЗ МАМАНДЫҒЫМЫЗДЫ ТАҢДАЙМЫЗ»

1-қыз:

Қандай қызық мамандықтар!

2-қыз:

Маған дәрігер мамандығы ұнады!

(2-қыз ортаға шығып айтады)

Ақ халатым үстімде,
Емдеймін мен бәрін де.
Дәрігер боп өсемін,
Шипа беріп еліме.

1-қыз:

Ал маған полиция мамандығы ұнады!

(1-қыз айтады)

Тәртіп сақтап көшеде,
Елді қорғап жүремін.
Батыл болып өсетін,
Полиция мен болам!

3-қыз:

Ал мен болашақта мұғалім болғым келеді!

(3-қыз айтады)

Әріптерді үйретіп,
Білім нұрын жағамын.
Мұғалім боп мектепте,
Шәкірт жолын ашамын.

3-қыз:

Қыздар, енді біз де мектепке баруға дайынбыз!

1-қыз:

Иә! Арманымызға жету үшін жақсы оқуымыз керек!

2-қыз:

Онда елімізге қайтайық!

4-БӨЛІМ — «ЕЛГЕ ОРАЛУ»

(Ұшақ дауысы естіледі.)

Балалар ұшаққа отырғандай қимыл жасайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізуші:

Бүгін біздің бүлдіршіндеріміз Парижге саяхат жасап қана қоймай, болашақ мамандықтармен танысты. Балалар өз армандарын таңдап, мектепке алғашқы қадамдарын жасады.

Құрметті балалар! Сендерге ақ жол тілейміз! Мектепте тек биіктерден көрініңдер!

Балалар бірге:

Қош бол, біздің балабақша,

Балдәуренім, алтын орда!

Мектеп жаққа бара жатыр

Бақыт толы бала жолда!

«Жолшы» бөбекжай бақшасының меңгерушісі Толыбаева Шара Рахымқызы түлектерге дипломдарын табыстайды

✧ 2-ӘН Қош бол ,балабақшам

Орындайтындар: Жанатова Інкәр мен Жауынбай Медина

Финал әні:

Әнге қосылып соңында,балалар қоштасып шығып кетеді

(Шар ұшыру, диплом табыстау, естелік сурет)



